

## Қазақстанда кербез дуадақтарды сақтау мен олардың санын қалпына келтіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 29 мамыр N 750

"Жануарлар дүниесін қорғау, жетілдіру және пайдалану туралы" Заңының 22-бабына сәйкес және сирек кездесетін құс-кербез дуадақты дамыту мен сақтау және олардың санын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 1995 жылдың 18 наурызында Ұлттық орнитологиялық зерттеу орталығымен (Абу-Даби қаласы, Біріккен Араб Эмираттары) кербез дуадақтарды сақтау жөніндегі ғылыми ынтымақтастық туралы Шартының және оларды қолда өсіруді өрістету жөніндегі Жобасының бастамасы мақұлдансын.

2. Бірлескен ғылыми зерттеулерді орындаушыларға Ұлттық Орнитологиялық Зерттеу Орталығының лабораторияларында инкубатордан шығару үшін кербез дуадақтардың бастапқы салған жұмыртқаларын жинауга рұқсат етілсін. Кербез дуадақтарды есіру технологиясын бірлескен ғылыми-зерттеулердің нәтижесі ретінде екі жақ та пайдалануға тиіс. 1995 жылы жұмыртқаларды жинау мен шетке шығару көлемі 40 дана болып белгіленсін.

3. Ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы мен Біріккен Араб Эмираттарының Ұлттық орнитологиялық Зерттеу Орталығы бірлесе отырып, өз қаржылары есебінен жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Экология және биологиялық ресурстар министрлігінің Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқармасы бірлескен зерттеу жұмыстары жүргізілген жерлерде кербез дуадақтарды қорғауды күшейтсін және жұмыртқаларды жинау мен шетке шығаруға рұқсатты пайдалануға бақылауды жүзеге асырын.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жаңындағы Кеден комитеті белгіленген көлеміне сәйкес жұмыртқа түріндегі ғылыми материалдарды шетке бажсыз шығаруға және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жабдықтар мен материалдарды шеттен бажсыз әкелуге рұқсат ететін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы бірлескен

жобалар жөніндегі жұмыстардың дер кезінде әрі сапалы өткізілуін қамтамасыз етсін және оны аяқтаған соң жұмыртқа жинау, бақыланатын популяцияның жайы туралы мәселені қоса отырып, Қазақстан

Республикасының Министрлер Кабинетіне егжей-тегжейлі есеп тапсыратын болсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК